



# Ақмешіт

21 қаңтар  
сейсенбі  
№5 (2118)  
2025 жыл

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы

САФ АУА,  
ТАЗА СУ,  
ҚОҚЫССЫЗ ӘЛЕМ —  
АРМАН БА?



# «ЕКІНШІ НАН» неге қымбаттады?

Ел арасында «екінші нан» аталып кеткен картоп бағасы ұшып тұр. Әдетте көктемде, қоймадағы өнім таусуына таяғанда бағасы өзгертін картоп биыл жыл басынан бастап қымбаттай бастады. Әп-сәтте бағасы аспандап кеткені кім-кімді де бей-жай қалдырмады, бүгінде картоп келісі 300-400 теңгеден сатылуда. Себебі неде? Сарапшылар пікірінше, картоп бағасының ерекше қымбаттауына сыртқы сұраныс әсер еткен.

Премьер-министрдің тапсырмасы бойынша Ауыл шаруашылығы, Сауда және интеграция министрліктері елдегі картоп нарығындағы қалыптасқан ахуалға тұрақты түрде бақылау жүргізуде.

Көрсі елдердің, әсіресе Өзбекстан тарапынан сұраныстың артуына және экспорттық бағаның жоғары болуына байланысты биыл картоп экспорты 1,5 есеге, яғни 411 мың тоннадан 605 мың тоннаға дейін өсті. Картопқа деген жоғары сұраныс ішкі нарыққа әсер еткені атап өтілді. Мәселен, соңғы аптада экспортқа бағытталған өндірушілер арасында бағаның күрт өсуі (170 теңгеден 270 теңгеге дейін) тіркелді.

Осыған байланысты, ішкі нарықтағы картоп бағасын тұрақтандыру мақсатында Сауда қызметі мәселелері жөніндегі ведомстваралық комиссия отырысында картопты үшінші елдерге әкетуді 6 ай мерзімге шектеу туралы шешім қабылданды. Бұл шара ЕАЭО елдеріне қолданылмайды, алайда бұл бағыттағы экспортқа бақылау жүргізіледі. Сонымен қатар қалыптасқан жағдайды ескере отырып, биылғы 16 қаңтарда экспортқа фитосанитариялық сертификаттар беру толығымен тоқтатылды.

Қабылданған шаралар картоп бағасының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, бағаның

негізсіз өсуіне және нарыққа қатысушылар тарапынан алыпсатарлық әрекеттерге жол бермеуге бағытталған.

Сондай-ақ Сауда және интеграция министрлігінің аумақтық органдары монополияға қарсы органның аумақтық бөлімшелерімен бірлесіп отырып, жағдайға күшейтілген қадағалау жүргізеді және сауда қызметі мәселелері бойынша қолданыстағы заңнаманы бұзған жағдайда олар нарыққа қатысушыларға шұғыл ықпал ету шараларын қабылдайды.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің дерегіне сүйенсек, бүгінгі таңда қордағы картоп ішкі сұранысты өтеуге жеткілікті, яғни алаңдайтын негіз жоқ. Ендігі мәселе – бағаны тұрақтандыру.



«Ақмешіт-ақпарат»

Суретті түсірген Нұрболат НУРЖАМБАЙ

# ОН САҒАТҚА СОЗЫЛҒАН ОТА

## НЕМЕСЕ АЛҒАШ РЕТ БАУЫР АУЫСТЫРУ

Сыр медицинасының тарихында айтулы күн ретінде белгіленген алғаш рет бауыр ауыстыру отасы жасалып, сәтті өтті. Жаналыққа жаны құмар журналистер жақсы жаңалықты таратуға асыққанымыз рас. Алайда көкейде сұрақ болғаны рас.

Бауырын беріп, өз өмірін тәуекелге тіккен кім болды екен? Бұл кез келгеннің қолынан келе бермейтін ерлік...

Бауыр циррозы диагнозы науқасқа осыдан он жыл бұрын қойылған. Дәрігерлер оған осы уақытқа дейін ауырсынуды басу, қабынуды азайту үшін дәрі-дәрмектер қолданып көмектескен. Алайда консервативті емнен еш нәтиже шықпайды. Осылайша өмірін сақтап қалу үшін бауыр алмастыру қажеттігін сезінеді. Дәрігерлер бұл отаның сәтті өтуі үшін алдын-ала түрлі зерттеулер жасап, білікті мамандардан кеңес алады. Трансплантацияның Қызылордада жасалуына А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығының басқарма төрағасы, медицина ғылымдарының докторы, профессор, жоғары санатты дәрігер Болатбек Баймаханов жетекшілік ететін трансплантологтар қолдау білдіріп, арнайы келген. Айта кетейік, көпбейінді облыстық аурухана дәрігерлері де отаға қатысып, тәжірибе алмасты.

Он сағатқа созылған ота сәтті аяқталған. Қазіргі уақытта ем алушы бұрынғы өміріне оралды десек болады. Ем-домға тәуелділік, уақыт пен тамақтануға байланысты шектеулерден босады. Енді жұмыс істеп, белсенді өмір салтына көше алады. Бауыр ауыстыру отасы өмірімізде алдағы уақытта жалғасын таппақ.

– Бауыр өте тез қалпына келетін мүше. Бұл қадамға бір жыл бойы өте жауапты, мұқият дайындық жүргізілді. Әсіресе, бізге қаржылық қолдау көрсеткен мемлекетімізге алғыс білдіреміз. Бұл әрбір адамның өмірі мемлекет үшін маңызды екенін білдіреді. Бауыр трансплантациясы – әлемдегі ең күрделі операция. Иненің жасуындай тамырларды жалғауға тура келеді. Бауыр алмастыру – жалпы хирургиядағы ең бір күрделі операция саналатындықтан жоғары маманданған санатқа жатқызылады. Біздер донор жігіттің 60 пайыз бауырын алмастырып салдық. Екеуі екі операциялық блокта жатып, алдымен донорға ота жасалды. Айта кетейік, донорға отаны облыстық аурухананың жергілікті дәрігерлері жасады, – деді қолы алтын дәрігер Болат Биендіұлы.

Сонымен, 40 жастағы жетпеген бауырын бөліп берген 32 жастағы туған қайыны екен. Жетпегенің өмірін сақтап қалуға жанталасқан қайынының бұл тәуекелдігін үлкен ерлік деп бағаладық.

– Пациенттің күйеуі де, бауыры да донор болуға тілек білдірген болатын. Бірақ талапқа сәйкес болмай шықты. Сондықтан үшінші адам қайынының донорлығы сәйкес болып шықты. Осылайша донор ретінде қайынының бауырының 60 пайызы реципиентке салынды, –

деді А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығының басқарма төрағасы, медицина ғылымдарының докторы, профессор, жоғары санатты дәрігер Болатбек Баймаханов.



2  
бетте

### КӘСІП

Бүгінде қосымша кәсіппен айналысамын деген мүмкіндігі шектеулі жандарға мемлекет тарапынан көп жеңілдік көрсетілуде. Алайда сондай мүмкіндікті көпшілігі пайдаланбай жатады. Кейбіреуі құжат дайындауды қиын десе, кейбірі кәсіпті әрі қарай жүргізіп кетуге тәуекелге батылы жетпейді. Ал ерінбей, көздеген мақсатқа жету – жүректілік. Осындай табанды жанның бірі – Гүлсара Ибраева.

Гүлсара ИБРАЕВА, кәсіпкер:

## КӘСІП БАСТАУҒА НИЕТ КЕРЕК



Денсаулығында кінәраты болып, жасы ұлғайса да тыным көрмейтін Гүлсара үнемі кәсіптің жаңа түрін игеруге талпынып тұрады. «Ізденген жетер мұратқа» демекші, ниеттенген адамға ризық та табыла кетеді. Өткен жылы ол ғаламтордан жекелеген санаттағы адамдарға кәсіппен айналысуға қайтарымсыз грант қаражаты беріледі дегенді естіп, дереу «Мансап» орталығына құжат тапсырды. Өзінің бизнес жобасын сәтті қорғап шығып, гранты жеңіп алды.

– Қазір кәсіппен айналысуға мүмкіндік мол. Тек қабілетіңізге сай кәсіп таңдап, онымен тұрақты айналысып, бағыңызды сынап көрсеніз болады. Шаруаңыздың өрге басуы әп-сәтте. Жасым 55-ке келсе де жұмыстан қашқан емеспін. Бұл жұмысқа қосымша диван, креслолардың сыртын

қаптап, жаңаша оң беруді де қолға алып отырмын. Мемлекеттік грант қаржысына кез келген затқа сурет басатын принтер құрылғысын сатып алдым. Суретті ыдыстарға, сөмкеге, футболкаға, кепкаға басып жүрмін. Өзірге өзім ғана айналысамын. Болашақта қасыма бір адам алсам деймін. Негізі тапсырыс жақсы. Қазіргі заманның трендіне иелесу керек қой. Заманауи трендке жүрек керек. Ұтымды кәсіппен айналыссан ұтасың, – дейді кәсіп иесі.

Әрине, «талантыға нұр жауар» деген даналықта үлкен мән бар. Кәсіп дәмсыз, табыс молайып, жұмыс көзі де ашылып, екі қолға бір күрек таппай жүргенге несібе болары анық.

Гауһар АСҚАРҚЫЗЫ

# БҮГІНГІ КҮН БАТЫРЫ

Қызылордалық Дінмұхамедті бүгінгі күн батыры десек те артық емес. Ұшақ бортында жолаушыны аман алып қалған жігіттің жерлесіміз екенін білгенде марқайып қалдық.

«Qazaq Air» әуе компаниясының Қызылордадан Астанаға бағыт алған ұшақта жолаушы өзін жайсыз сезініп, тыныс алуы қиындай түскен. Оған сол сәтте жолаушы жас жігіт дереу көмекке келіп, шұғыл әрекет еткен. Науқастың жағдайын біліп, қан қысымын тексерген. Жүрегіне жасанды массаж жасап, ұшақ қонғанша оны аман алып қалуға тырысқан.

Жолаушылардың арасынан суырылып шығып, алғашқы көмек көрсеткен студент Дінмұхамед Бектұрған Қызылорда қаласындағы қарапайым мектептің түлегі екен. ҰБТ-дан 117 балл алса да, жалпы медицина мамандығы бойынша грантка түсе алмай қалған. Дінмұхамед сонда да өз арманынан бас тартпай, Астана медицина университетінің ақылы бөліміне оқуға

түскен. Ал бір семестрден кейін өз білімін көрсетіп, грант бөліміне ауысқан. Қазір 7 курста оқиды. Үш тілде еркін сөйлейді. Антына адал болашақ маманның бүгінгі әрекеті көпке үлгі.

Болашақ дәрігерге адам өмірін сақтап қалғаны үшін денсаулық сақтау министрінің атынан Кұрмет грамотасы табыс етілді.

Жерлесіміз Дінмұхамедтің жас болса да, шұғыл әрі батыл, сауатты әрекет жасағанына аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев өз ризашылығын білдіріп, ата-анасы Нұрболат пен Галия Нұрсейітовтерді қабылдады. Баласына жақсы тәлім-тәрбие бергені үшін ата-анасына алғысын жеткізді.

Интерн маман оқуын әрі қарай үш жылдық резидентурада жалғастыруды жоспарлаған. Аймақ басшысы елдің атынан алғыс ретінде Дінмұхамед Бектұрғанның оқу ақысын төлеуге қолдау білдіретінін айтты.

— Дінмұхамед

медициналық көмекке мұқтаж азаматқа дер кезінде алғашқы жәрдем көрсетіп, өмірін сақтап қалды. Оның уақыт оздырмай қабылдаған шешімі, сауатты іс-қимылы өзі сияқты медицина мамандығында білім алатын жастарға үлгі-өнеге болды. Бұл арқылы Дінмұхамед өз мамандығын жақсы меңгергенін ғана емес, ата-анасынан, ұстаздарынан, аға буын әріптестерінен тағылымды тәрбие алғанын көрсетті. Дінмұхамед секілді жас мамандар — еліміздің болашағы. Біз осындай азаматтарға әрдайым қолдау көрсетіп, ерлік ісін өскелең ұрпаққа үлгі етіп насихаттауымыз қажет.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Мемлекетіміздің келешегі — жастардың қолында. Ол жай ұран емес. Бұл — біздің басты саясатымыз. Сондықтан келешекте де біз жастарды қолдаймыз. Оларға жәрдем

береміз.

Әсіресе, дарынды жастарды тұрақты түрде қолдауымыз керек» деген еді.

Білімді, білікті, адал, туған елінің патриот жастарын қолдау мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі болып қала береді. Президентіміз тек жастардың ғана емес, өскелең ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздардың, қарапайым еңбек адамдарының еңгелі істерін әрдайым көпке үлгі етіп айтып келеді. Өз мамандығын жетік білуге талпынған, үздік оқитын, патриот азаматты тәрбиелеп өсірген сіздерге және ұстаздарға барша Сыр жұртшылығының, өзіміз атымынан зор ризашылығымызды білдіреміз, — деді Н.Нәлібаев.

Дінмұхамед Бектұрған Астана медицина университетінің 7-курс студенті. Қазір интернатурада білім алуда.

«Көмегім қажет болған кезде мен шетте қала алмадым. Бұл жағдай мен үшін маңызды тәжірибе болды және университетте алған білім мен дайындықтың шынайы өмірде маңызды екені дәлелденді», — дейді Дінмұхамед.

Төтенше жағдай кезінде білімі мен біліктілігін көрсеткен студентке жұртшылық ризашылығын білдіруде. Білімді жастан білікті маман шығатыны осының айғағы.



Басы 1-бетте

## 76 НАУҚАС КЕЗЕК КҮТІП ТҮР

Мұндай күрделі оталар бұрын тек Алматы, Астана қалаларында жасалса, қазір оған жергілікті мамандардың тәжірибесі жеткілікті. Көпбейінді ауруханада өткен жылы 6,5 мыңға жуық ота жасалды. Оның ішінде 89 жоғары технологиялық медициналық қызмет көрсетілді. Ашық жүрекке 150 ота, 6 рет бүйрек трансплантациясы жасалды. Бүгінде Қызылорда

облысының 16 тұрғыны еліміздің емдеу орындарында бүйрек трансплантациясын жасатқан. Олардың денсаулығы жақсы.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының б а с ш ы с ы

## ОЛЖАС

Ысқақовтың айтуынша, өңірде 764 адам бүйрек, 76 науқас бауыр ауыстыру кезегін күтіп тұр.

— 2023 жылы облыста алғаш рет бүйрек трансплантациясы, ал кеше тұңғыш рет бауыр ауыстыру отасы жасалды. Бізге қолдау білдірген ұлттық ғылыми хирургия орталығындағы әріптестерімізге алғысымызды білдіреміз, — деді облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Ысқақов.

Ал А.Н. Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығының мәліметі бойынша елімізде бауыр ауыстыруды қажет ететін екі мыңдай науқас бар.

## БАУЫР АЛМАСТЫРУ — ӨМІР СҮРУГЕ МҮМКІНДІК

Мамандардың айтуынша, адамның бауыры — ең қайырмды ағза. Өйткені кесілген бауыр уақыт өте өсіп, өзі қалпына келмек. Бұл — бауырдың ерекше қасиеті. Егер бүйрек істен шыққан жағдайда, оның қызметін диализбен емдеп алмастырып, адам өмірін ұзартуға болады. Ал бауырда ондай мүмкіндік жоқ. Сондықтан бауыр церрозы жағдайында дүние жүзіндегі ем — бауыр алмастыру арқылы ғана адам өмірін сақтайды.

Иә, елімізде соңғы жылдары

бауыр ауруының түрлері көбейгені мамандарды алаңдатып отыр. Дегенмен елімізде он шақты жылда медицинадағы озық технологияның нәтижесінде ағзаны трансплантациялау қарқынды түрде дамып, керемет жетістіктерге қол жеткізуде. Отандық дәрігерлердің біліктілігінің арқасында қанша адамның өмірі ұзарды.

туберкулезден аурушандық көрсеткіші 5,5%, туберкулезден өлім-жітім көрсеткіші бір деңгейде болса, қатерлі ісіктерден өлім-жітім көрсеткіші 4,4%, жүрек-қанайналым жүйесінен өлім-жітім көрсеткіші 10,5 пайызға төмендеген. Соның нәтижесінде өмір сүрудің орташа ұзақтығы облыс бойынша 74,6-ға жеткен. Межеге жету мақсатында облыстық денсаулық сақтау басқармасы өз қызметтерін ана мен бала өлімінің көрсеткіші, қан айналым жүйесі, онкологиялық аурулар, туберкулез бен жарақаттану көрсеткіштерін төмендетуге, халық арасындағы өлім-жітім мен мүгедектіктің себеп-салдарын анықтап, төмендетуге бағыттаған.

## Халық

денсаулығы бәрінен маңызды. Сол үшін де адам өміріне жауапты денсаулық сақтау саласы қызметтерінің деңгейі мен сапасы, қолжетімділігі алғашқы орында болуы қажет. Осы орайда аймағымызда медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға ерекше көңіл бөлінген. Мәселен, бытыр жергілікті бюджет есебінен 590 дәрігер мен 738 орта буын медицина қызметкері білімін жетілдірсе, 40-тан астам шетелдік дәрігерлерден тәжірибе жинаған.

Өткен жыл қорытындысы бойынша аймағымызда денсаулық сақтау саласының негізгі көрсеткіштерінің оң динамикасы байқалады. Атап айтқанда, жалпы өлім-жітім көрсеткіші 4,0%,

жалпы медицинаның маңызды бағыттарының бірі. Бүгінгі таңда

# ОН САФАТҚА СОЗЫЛҒАН ОТА НЕМЕСЕ АЛҒАШ РЕТ БАУЫР АУЫСТЫРУ

# АНА МЕН БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫ — БАСТЫ НАЗАРДА

орталық ауруханасының инфекциялық бөлімшесінің және 46 төсек орына арналған аурухананың

қосымша құрылысы басталады. Одан бөлек, Жанакорған көпбейінді аудандық орталық ауруханасының қосымша құрылысы, Қазалы көпбейінді аудандық орталық ауруханасының қосымша құрылысы да жуырда басталмақ. Жергілікті бюджет есебінен биыл Қарауылтөбе елді мекеніне де жаңадан дәрігерлік амбулатория салынады. Тағы бір айта кететін маңызды жайт, аймақ бойынша барлық елді мекендердегі денсаулық сақтау ұйымдарына 200 санитарлық автокөлік алынып, ауылдық жерлерді санитарлық автокөлікпен қамту мәселесі толық өз шешімін тапты, — деді Олжас Ермеқұлы. Сыр медицинасындағы ауқымды жұмыстардың негізгі мақсаты — халықтың денсаулығын жақсарту. Бұл бағыттағы ауқымды жобалар биыл да жалғасады. Мәселен, мамандардың біліктілігін арттыруға 2025 жылға жергілікті бюджеттен 144,9 млн теңге қаржы қарастырылған, қазіргі таңда өзекті тақырыптар анықталып, жоспар жасалады.

Суретті түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ



Бетті дайындаған Айгөкпен БАТЫРБАЙҚЫЗЫ



## «ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»

БЕСІНШІ  
ҚАРА СӨЗ

Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпей, бойды шымырлапты, буынды құртып, я көзден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады. Қазақтар: «Ә, құдай, жас баладай қайғысыз қыла гөр!» деп тілек тілегенін өзім көрдім. Онысы жас баладан гөрі өзі есті кісі болып, ескермес нәрессі жоқсып, қайғылы кісі болғанысы. Қайғысы не десен, мақалдарынан танырсың: «Түстік өмірің болса, күндік мал жи», «Өзінде жоқ болса, екен де жат», «Мал – адамның бауыр еті», «Малдың беті – жарық, малсыздың беті – шарық», «Ер азығы мен бәрі азығы жолда», «Ердің малы елде, еріккенде қолда», «Берген перде бұзар», «Алаған қолым – берген», «Мал тапқан ердің жазығы жоқ», «Байдан үмітсіз – құдайдан үмітсіз», «Қарның ашса, қаралы үйге шап», «Қайраны жоқ көлден без, қайыры жоқ елден без» деген осындай сөздері көп, еспесіз толып жатыр.

Бұл мақалдардан не шықты? Мағлұм болды: қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен, мал үшін қам жемейді екен, бірақ ол малды қалайша табуды білмейді екен, бар білгені малдыларды алдап алмақ яки мақтап алмақ екен, бермесе оныменен жаулап екен. Егер малды болса, әкесін жаулауды да ұят көрмейді екен. Әйтеуір ұрлық, қулық-сұмдық, тіленшілік, соған ұқсаған қылықтың қайсысын болса да қылып жүріп, мал тапса, жазалы демесек керек екен.

Бұлардың жас баланың ақылынан несі артық? Бірақ, жас бала қызыл ошақтан қорқушы еді, бұлар тозақтан да қорықпайды екен. Жас бала ұялса, жерге ене жаздаушы еді, бұлар неден болса да ұялмайды екен. Сол ма артылғаны? Қолымыздағыны үлестіріп талатпасақ, біз де өзіндей болмасақ, безеді екен. Іздеген еліміз сол ма?

Көз сүрінер қарайған бұдырсыз, боз-жусанды, бұйырғынды, арагидік алабота мен итсегек араласып өскен ұшы қиырсыз кең жазық. Шөп-шала атаулы жаз бойы дәуренін сүріп, күз түскелі сарғайып, қурап біткен. Өні кеткен дала жабырқау. Бұл маңнан көптен бері тірі пенде жортып өтпеген сынайлы. Жым-жырт. Оған маң даланы шырқау биіктен шолып, жападан-жалғыз марғау жүзген кербез Күн ғана куа.

Күн ескітіге ілінісімен күрт төмен сорғалап, көкжиекті қанқызыл бояуға толтырып тастады. Бірте-бірте желегін жынып, жарығы бәсеңсі берген.

Жалпақ жазықтың бір бүйірінде ербиіп жалқы өскен Қанбақ Күннің біресе қызғылт рендініп, біресе оған сарғыш бояу араласып, біресе жасылып жұқтырып мың құбылған көзін соңғы рет сұқтана қарады.

Күзгі қарау жел оның беріште бастаған әлсіз бұтақшаларын сықыр-сықыр қозғап тұрған. Қозғаған сайын семіп біткен ұсақ жапырақтары дірдек қағып, тұла бойынан түтел сыпырылып түсе жаздайды. Есірік желдің екпінімен ызылдаған-дызылдаған сан алуан үн шығарып, мазасыз әуенге салмасқа ылажы қалмағандай. Сыбызғыдай сыңсыған дыбысын жербауырлап жедел жеткен желекте жел айдалаға алып қашып, әп-сәтте жоғалтып жіберіп жатыр.

Өзегі қурай бастағасын ба, сыртқы қабығы тырысып, жігі айырылып кетіпті. Буын-буынның сыздатып, өне бойын сырқыратып, жанын жайпап бара жатқан бір дерт бар. Бұрын самалға кеуде төсеп, еркелей елбеп қана тұратын жапырақтардың дәурені өткен. Кенет сол дәурені өткен мың сан жапырақ тосын мінез танытып, үілдеп-гүлдеп жөнелді. Жүйкесі жеміріліп, жаны жүдеген үстіне жүдей түсті. Түсінесе бұйырмасын. Өмірінде тоз-тоз боптықтап, азып-тозып, дінкесі құрып тұрғаны осы. Ертен... жоқ ертен демей-ақ, тап қазір, енді бірер сәттен соң ит зықынды шығарып, өне бойы өңмендеп соққылаған да тұрған соқпар желдің қай қияметке қиліктеріне көз жетпейді. Әйтеуір дәл осылай ербиіп тұра бермейтінін, күндердің бір күнінде әлемді сілкіттің ұлы өзгеріс жайлайтынын әлдеқашан-ақ түйсінген тәрізді.

Әу баста, жасыл бояуға малынып жер бетіне желкілдеп шыққаннан-ақ көкөсегені зау биікке өрлеп өсу-тұғын. Көп кешікпей онысы бекершілік екенін ұқты. Ұзарып өскен жіңішке, әлжуаз бұтақшалары қайқаңдап биікке ұмтылудың орнына, бүгежіктеп, ішке қайырыла иіліп, біріне бірі өріліп, біріне бірі ұйысып, біріне бірі тығылып домалана бастағаннан-ақ зау биіктен күдер үзген. Зау биікке ұмтылудың қажет емесін, зау биікке ұмтылса қатерге ұрынатынын жалықпай ескерттіп, құлағына құйып тұрған бір күдіреттің растығына көңілі кәміл сенген. Желмен жетті ме екен сол хабар? Әлде тамыр тұстан тұспал болды ма? Білмейді. Қайдан? Қалай? Тап қазір оны айырар хал қайда? Аңғарғаны жалқы ақиқаттан ауытқи алмасы ғана.

Өзегі қаңсып, семіп бара жатқанын түсінді. Тал бойында жалғыз тамшы ылғал қалмай қурап біткені, сірә, соның белгісі. Жапырақ атаулының жамырап, әпір-тәпір әлпеті жақсылық емес. Жаңа ғана жайнап, жарқырап тұрған дүние лезде күнгірт тартып, төңірек қараңғы түнекке шым батып бара ма немене. Тамыр тараптан нәр тартпақ болған талпыныстан түк өнбеді. Тамырмен түйіскен ұлы буынның дымы құрып, сарғайған бауыры сыр бергендей сазарып алған.

Ұсақ жапырақтардың өкірек желді өгейсініп сыңсығаны тым үрейлі. Паясы жалаңаштанса, тіршіліктен мән қалмағаны да. Басқа не? Ажары тайып, арса-арса сояуға айналмағына емеуірін болар.

Жапан далада шошайып жалғыз өскен Қанбақтың мүшкіл халі өңге дүниенің жырына кіріп-шықса, көне. Шөп тектестер бірін-бірі аяу деген сезімнен жұрдай-ау. Қай қияметті де көтерер өзінің қылаша мойны екенін сезгені ме, өзегі мұздай бастады. Жокқа жұтылар алдындағы жалғыздықтан ешкім жалтарып кете алмасы хак.

Енді не болатынын білмеген жаман. Не болса да қайтадан көктеп-көгеруден үміт жоқ, соны түйсінді. Жо-жоқ, көңілінің астан-кестен болуы одан емес, басқа. Бұтақтары қабыршақтанып, тұла бойын тырыстырып, буып бара жатқан дерттің басылар кезі қашан, сол беймәлім. Күші сарқылған. Өзегі талған. Буын-буыны сырқырап, зар илеп, қақсап ауырып, әкетіп барады. Өне-міне сынып түсетін тәрізді. Төменнен тебер нәрден де, төбеден құйылар нұрдан да қылаудай белгі қалмаған.

Жарық дүние шұғыласын шашып, өмір енді басталған кезде жаралған жапырақтар кенет бырт-бырт үзіліп, бет-бетіне бытырап ұша жөнелді. Желсілдек жаяу жел оларды ес жайдырмай дүркіретіп айдаған қалпы әп-сәтте зым-зия жоқ қылды. Сол-ақ екен сарнаған үндері де сап тыйылғаны. Артыныша-ақ алғаш қылтып шыққан жапырақ астында пайда болған гүлден түйін байлаған қыруар дән сау етіп төгілгені. Омыртқа жотасын кеміріп, зар қақсатқан дерті топырлап құлаған сансыз дәннен бірге сыланып түскендей сап тыйылып, жаншылған енесі жеңілдеп сала берді. Ұлы өзгеріс деп күткені демде бола салғанға аздап қайран, аздап қобалжу да бар. Көкірегінің қысқан құрсау ағытылғандай, тынысы кеңейіп, бей-жай қалып тапты.

Жаз бойы жапырақпен жауып, күннің көзін көрсетпей көлеңкелеп, бесікке бөлегендей тынымсыз тербеп өсірген мың-миллион дәннің бір сәтте төгіліп түсуінен көңілі жайланғандай. Баяғыда, өзі де дән кезінде дәл осылай бұтақтан бөлініп, кенет төменге қарай құлдилап жөнелмеп пе еді. Жадында ғой. Өзі ғана емес, жан-жағына шүпірлей шоғырланған дән атаулы бір сәтте жерге жамырай құлаған. Сонда ғой бұтақ біткеннің бір ынырып, теңселе үн қатқаны. Онда да дәл осындай қара түнек тун еді. Арамза жел азынап тұрған. Бұтақтан жарыса төгілген ұл-ұсақ тіршіліктің біреуі болып барып жерге жығылып түскен сәт ұмытыла ма? Жердің сондай жайлы, сондай жұмсақ екенін байқағаны сонда. Мамықта балбырап қанша жатқанын білмейді, бір

заманда байқаса, төңірек жап-жарық. Көз қарықтырады. Маңайы толған алты аяқты қап-қара құбыжық. Құмырсқа. Қаптап, өріп жүр. Аштықтан жаңа келгендей бұлтиған көздері алаң-жұлаң еткен түрлері-ақ қорқынышты. Жүрген жүрісі ылдым-жылдым, алты аяғын жаңылыспай басып жосылған немелер ес жия алмай бейберекет шашылып жатқан бұтақтас дөңдерді тістеп ала сала, әлдеқайда аттандап барады. Асығыс. Бір замат дәл жанына құйрығын дамылсыз қозғап, шөжеторғай кеп қонды. Жан-жағына жалтақ-жалтақ қаранып алып, ол да тұмсық батырып дән шоки бастасын. Неге шокиды, шоқыған соң не болады? Ұқпады. Өзін де шоқып алар деп күтті де жатты. Сірә, байқамады-ау, жұп-жұқа терісі қыртыстанған сирағы сидып, жанынан секеңдеп өте бере пыр етіп ұша жөнелгенде, қанатынан тұрған шолақ жел бұны топыраққа көмді де тастады. Содан кейінгіні еске түсіру қиын. Осылай аз жатты ма, көп жатты ма, білмейді, оянып, көзін ашса, дүн-дүние жып-жылы, жап-жарық. Көкірегін бір алапат қуаныш кернеп барады.


Осының бәрін енді өзегінде жалғыз тамшы ылғал қалмай саудырап суалған кезінде ойласа, көкірегін ағыл-тегіл

құмарлықтың шырқау шыны. Аталық атаулының өмірі сонымен түгесілетіні аянышты-ақ. Ал буаз гүлдердің күлтесін төгіп, белдері жуандай бастаған шағынан өткен салтанаты жарасқан дәуренге ештеңе жетпейді. Түймелей гүлдің жатырында титімдей тіршілік тепсініп қояды, бұл кезде өз міндетін қапысыз атқарған аталықтар жаппай шетінен, аяқ асты жер тезек боп шашылып жатқаны. Осының бәрі кейде ешқашан болып көрмеген, құр елес қана сияктанар еді-ау, егер анау, әне-міне шашылып-төгіліп шартарапқа тарап кеткелі тұрған дән-тұқымдары болмағанда.

Дән-тұқымдарының жер жүзін кезіп кететінін сезінгенде көкірегіне алабөтен қуаныш құйылып, өзінің осы жолда не қияметке де сақдай сай дайын екенін, басын сол үшін бәйгеге тігіп тұрғанын түйсінеді.

«Жел қаттырақ соқса ғой, – деп тіледі бір сәт. – Долданып кеп жұлмамай жөнелсе ғой. Жерден жұлып алса ғой! Өңкілдетіп құла түзге айдап әкетсе ғой!»

Сондай күн туса, баяғы балдай тәтті ләззаттан пайда болған тұқым-тұяғы бұтақта жабысып қалып қоймай, Тәңірі талап еткен топырағына тезірек табысар еді-ау!



## ҚАҢБАҚ

әңгіме

Нұрлыбек САМАТҰЛЫ

сағыныш кеулеп ала жөнеледі. Есіне емес-еміс оралған естеліктер ұйтқыма желді ұмыттырып, бір сәт іштей тынып тұрып қалған екен.

Енді ұшқалақ жел ұшырып, шейіт болған жапырақтардың тасасында өскен ішкі жапырақтар нәубетке ұрынып, дірдек қаға бастады. Олар да алдыңғылар сияқты ызғарлы желдің ығына жығылып, сарғайған жапырақ сарынын бастап кеткен, соңы кеуек қуалаған гүілге ұласты.

Бұл жолы үрейді ұмытты. Тәрізі осылай болуы тиістідей көрінген. Жел жұлмаған жапырақтардың бұтақтан бөлініп, жөнін табуын төзіммен күтті. Дірдектеп панасыз қалған мың сан піскен дәннен де арылу парыз екенін біліп тұр. Олардан арылу өзіне Тәңірі табыстаған ұлы міндет екені түйсігін түрте береді. Тәрізі буын-буынын сырқыратып, тұла бойын кеміріп, қабырғасын қақыратып бара жатқан дерті осы міндетті орындаса ғана сап басылатындай.

...Жаз бойы жападан жалғыз кешкен қамсыз өмірі енді жоқ. Оның алдында өзінің де бұтақтан ажырап, жерге түскен дән болғаны, баяғы бір арса-арса қарі бұтаның жалғасы өзі екені санаға ғайыптан құйылды. Тұла бойын бүргеше бұған ману мың-миллион дәннің де келер көктемде өзі болып бой көтеретіні тым ғажап. Олар да е дегенде зау биікке өрлеп өсуді көкпей ме екен? Қызық! Дән бұтаның жалғасы деген сол. Әлде бұта дәннің жалғасы ма? Мәңгілік жұмбақ. Әйтеуір тіршілікте тоқтау жоғы көңілге медеу.

Бұтақ біткен быжынап гүлге толып, шешекатқан сәтібір жаздыққысқа өміріндегі ең бір бақытты кезеңі. Майда гүлдердің күлтеленіп, ұрықтанар алдындағы жайнауы ше? Толып піскен аяулы аналықтардың оймақтай ауыздарын құмарлана ашқаны, айнала қоршай қалған аталықтардың аналық аузына құшырлана ұрық құйғаны

«Жел! Жел-ау, жел! Қайдасың, жел! Жанды жел! Соқшы, солқылаттып! – деп жалбарынды іштей. Тілегі қабыл боп, үйіріліп кеп бүйірден қиліккен күйлі жел балақаса біткен кебу бұтақшаларды сығырлатып сындырып өте шықты. – Қаттырақ! Қаттырақ соқшы! Соққылашы! Аямашы! Жындысың ғой, сен! Сүйем ғой сенің жынды мінезіңді!»

Дүр етіп қураған жапырақтардың тағы бір легі жапатармағай ұша жөнелді, сау етіп сан мың піскен дән жерге төгілді. Осы сәт тамырмен ұстасқан ұлы буынның жігі жеміріліп, айқасқан кемпір аузы ашылып кетсін. Жаз бойы тамырға тұсалып, тыр ете алмап еді, енді көгеннен босаған лақтай ыршып шығып, көз талдырар далаған кенестікке маңып ала жөнелді. Алапұт желдің апырып-жапырып жылжалағанына да, сикен кетіріп дәл-дұлын шағарғанына да үнсіз көне берген.

Бетбақ жел беталды домалана жөнелген Қаңбақты құтырына қуалап, көкке ұшырып, көкпен ұрып жерге түсіріп, сілесі қатқанша салды-ау ойнақты. Сонда да айызы қанар түрі жоқ. Жерге соғылған сайын тұқым-тұяғы саулап төгіледі. Саулап төгілген сайын сықылдап күле береді. Күлкісін тыя алмайды.

«Соқ! Соққыла! Ұрғыла! Аяма! Жынды жел! Жын-ды жел! Жын-ды-сың се-ен!»

Зіл басқан іні жеңілдеп, масаттана жұйтікті. Көктеп-көгерген жерде тамырдан ажырай алмай, тұсалып қалғаннан Құдай сақтасын! Онда үсті-басына қаптап құмырсқа өрмелер, құмырсқа өрмелесе, құр сояудан басқа түгін қалмас. Өмірінді жалғайтын ұрығын жебір жөндіктің аузында кетер. Жебір жөндіктің жемі болмай, жаканға жайылып кеткенді айт! Міне, бүргеше бұған дән-тұқымдардың тағы біразы шашылып түсті. Тәңірінің жеткергені, әне, сол!

«Ах-а-ха! Та-ма-ша!»

Дегенмен дән дегенің әлі тегіс төгіліп болмапты. Бұтақтарының қуыс-қолтығын қармап, үймелеп тұр. Мол-ақ. Ажырап, топырағын табу ойларына келер ме екен? Тырмысып, жабысып алған. Тәңірден пәрмен түспей, төгілуге себеп жоқ. Бұларды әлсіз-алсыз қыярларға апару арман ғой. Жел жынынан айырылып, тынып қалмаса, апарар әлі-ақ.

Қаңғалап заулап келе жатып, бірер бұтағының сынғанын, сынған бұтақтың кейіндеп, кідіре бергенін байқап үлгерді. Енді оларға өзі сияқты бозғанактың басынан секіріп, домаланып ұшу қайда? Сонысы жаман. Дәннің топыраққа түспей, бұтақта қалып қойғаны шын қасірет. Дәннің бақыты топырақта. Өзі болса, қияннан қиянға шарлар, қиырдан қиырға дән шашар. Сенері жел. Желсіз күні қаран. Жансыз денесіне жан бітіретін күдірет жалғыз жел ғана, өзінің осыныша жанталасып, дедек қағып жүргені желдің арқасы. Жанкештілікпен тұқым тарату маңдайына осылай жазылса қайт дейсің.

...Әлденге тіреліп, тоқтап тұр екен. Тірелгені шенгел боп шықты. Шенгел түбіне дән төгіп те үлгеріпті. «Қап, әттен-ай, – деп өкінді дәрмені құрып, – көленкеде

көктей алса жақсы, біз деген Күннің сәулесін сүйеміз ғой».

Ұйысқан бір бұтағы шенгелдің дінін қармап қалған екен, желдің айналдыра қуалағанына ажырай қоймады.

«Жіберші, шенгел!» деді іштей жалынып. Шөп тектестердің дауыстап сөйлей алмайтыны қандай жаман. Тәңірі түспегірі тіл бітіре салса, қайтеді? Әй, бірақ, тілі болса да, шенгел шіркінге дауа жоқ, тікендерін тікірейтіп алып, тымырайған қалпын бұзбас. Әйтпесе ұшарын жел білген ұлы мұратына кесірін тигізбес еді-ау!

Шенгел міз бақтады.

«Жел! Жел-ау, жел! Үйіріп соқшы!»

Әумесер жел әпербақандығына басып, орай соқса да тамыры тереңге кеткен қалын шенгел түп жағына манайлар емес. Қоңыраулары күмбір қағып, күшене тап берген есерсоқ желді екпіннен айырып тастай береді. Бар ашуын ішіне тартқан тектек жел долданып кеп қайыра соққанда, топ шенгел теңселіп барып түзелді. Ілініскен бұтағы буыннан ажырап кеткен Қаңбақ қаңғалақ қағып, құла түзді бетке алып босып берді дейсің. Шенгелге ілініскен ызысын ысқырынды жел ілезде тарқатып жіберген. Енді біразырақ бошаласа, дән атаулыдан ада болып, өзінің де тамтығы қалмайтындай.

Бір мезет қарсы алдынан ыстық леп лекілдеп білінгені. Қарсы алдында алаулап от жанып жатыр. Шұбатыла шақып, қызыл тілі жалаңдап, өршелене көкке ұмтылады. Қызуы сонадайдан бетке ұрды. Ырықсыз ұшып-қонып, қаңғалақ қакқан Қаңбақты желігі басылмаған әуілдек жел апшысын қуыған қалып өкшелеп, құйындаға қуалап кеп, лаулаған алаудың қып-қызыл өңешіне сүңгітті де жіберді.

Лап етіп ілезде жанып-сөнген Қаңбақтың күлі де қалмады.

Меншік иесі:

**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі  
шектелуі серіктестігі

Бас директор  
Марат АРАЛБАЕВҚызылорда қалалық «Ақмешіт  
апталығы» газетінің редакциясыБас редактор  
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)

Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)

Қабалдау болмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)

Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)

Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат

комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нүсбесі №17657-Г.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті

жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Атқасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдарды пікірлер редакциясымен сәйкес келе бермейтіндігі,

деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі

ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,  
беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік  
басқаруындағы «Сыр медиа» ЖДПС баспаханасында  
басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына  
хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4393 Тапсырыс №93

Нөмірдің кезекші редакторы Айтқолын СЕЙТЖАНОВА